




Шәкәрім атындағы ЖББМ .Кәсіби бағдар бойынша 9-10 сыныптарының
Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студентімен кездесу сәті.



Тақырыбы: Оқушыларды жоғары техниклық және орта кәсіптік білім беру ұйымдарымен таныстыру


Мақсаты: Оқушыларды әртүрлі мамандық түрлерімен таныстыру, олардың қоғамдағы маңызын түсіндіру, мамандық таңдауына бағыт беру.



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ішінде кәсіптік кеңес ерекше орын алады. Кәсіптік ақпараттың көп тараған түрлерінің бірі өндіріске саяхат жасау, әр түрлі мамандық иелерімен кездесу және әр түрлі кештер өткізу болып табылады.

Кәсіби бағдар беру бағыты бойынша 9-11 сынып білім алушыларымен барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып Красно-поляна дәрігерлік амбулаториясына саяхатқа барып, ондағы



поляна» ауылында орналасқан бұл ғимарат 2016 жылы салынды. Бүгінгі таңда мұндағы медбикелер күн-түн демей ауыл жұртының денінің сау болуы үшін аянбай еңбек етуде.

Сонымен бірге бұл жерде ауырып ем іздеген науқастар үшін де барлық жағдай жасалған. Бұлай дейтініміз, ғимарат заманауи медициналық құрылғылармен, қажетті төсек-орындармен және

күзетші жүйелі жұмыс атқарады. Амбулаторияда тіркеу бөлмесі, балалар бөлмесі және терапиялық тағы басқа кабинеттер де бар. Аға медбикемен сұхбаттаса келе, ауыл тұрғындары көбінде қан қысымы, жүрек қан тамырлары, қант диабеті және бронхит ауруымен жиі шағымданып келетіндігін айтады. Аға дәрігер әңгімесінде егер сіздің іс-әрекетіңізде жазылуға деген құлшыныс болмаса, жалғыз дәрігердің күш - жігері нәтиже беруі екіталай деді сөзінің арасында.

Шығыс ғұлама ғалымы Әл-Фараби айтқандай, «Адамның тәндік жаратылысының негізгі көрсеткіші - денінің саулығы» деген екен.

Сондықтан да, ауыл тұрғындарының денінің сау болуы үшін, дәрігерлер аянбай еңбек етуде екендеріне оқушылар саяхат барысында көз жеткізді. Амбулаторияның дәрігерлері мен медбикелеріне оқушылар, өздерінің ризашылықтарын білдіріп, еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі.

мамандармен кездесіп сұхбаттасып кеңес алды. Бұл шараның мақсаты - балалардың денсаулық және әлеуметтік психологиялық жағдайын талдау негізінде жоғары сынып оқушыларының назарына кәсіптік топтар мен мамандықтарды ұсыну және оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, қоғамда әлеуметтік-кәсіби бейімделуді қалыптастыру міндеті болып табылады.

Дәрігерлік мамандық - бұл ерлік. Ол өзіне құрбан болуды ниеттің адал болуы, сондай-ақ, науқас адамның сенімін ала білу маңызды. Сырқат жандарға күшін ғана емес, жүрегін де жұмсай білуі қажет. Бүгін біз «Красно-поляна дәрігерлік амбулаториясы» туралы сыр шертетін боламыз. «Красно-

құрал жабдықтармен жабдықталған. Саяхат барысында біздің аңғарғанымыз ғимаратқа кіре берістен бастап барлық бөлмелері мұнтаздай тап-таза болса, медбикелерде ақ халаттарын ұқыпты киіп, өз істеріне аса жауапкершілік танытып, жұмыстарына әлдеқашан кірісіп кеткен. Мұның барлығы сырт көзге ерекше әдемі, әрі үйлесімді көрінеді. Бұдан біз «Тазалық-саулық негізі» қағидасын берік ұстанатын ұйымшыл ұжым екенін анық аңғарғандай болдық. Қазіргі таңда, дәрігерлік амбулаторияда жоғары санатты, білікті мамандар жұмыс істейді. Амбулаторияға аға дәрігер Уланова Елена Сергеевна басшылық етсе, одан бөлек учаскелік медбикелер, зертханашы, акушер, жедел жәрдем жүргізушісі, тазалықшы,

Н.МУСИНА,
кәсіби бағдар
жетекшісі.
Красная поляна
ауылы.



BOLASHAQ

ҚАРАҒАНДЫ ЖОҒАРҒЫ КОЛЛЕДЖІ

Болашақ академиясы туралы ақпарат

Болашақ академиясы – Қарағанды қаласында орналасқан жоғары оқу орны. Академия 1996 жылы ашылған. Ол Қазақстандағы танымал жеке университеттердің бірі болып саналады.

Академияда әр түрлі мамандықтар бойынша білім беріледі:

- Педагогика және психология
- Құқықтану
- Экономика және бизнес
- Ақпараттық технологиялар
- Тіл және әдебиет
- Дене тәрбиесі және спорт

Болашақ академиясының мақсаты – білімді, еңбекқор, өз елінің болашағына жауапты мамандар даярлау.

Академияда заманауи кітапхана, зертханалар, компьютерлік сыныптар және спорт залдары бар. Студенттер ғылыми жобалармен айналысады, түрлі байқаулар мен іс-шараларға қатысады.

Академияның ұраны – «Білімді болашақ – елдің болашағы!»